

**2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке  
дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру  
процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат жобасын  
талқылау республикалық вебинарын өткізу туралы  
АҚПАРАТ**

2025 жылдың 25-маусымында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ 2025 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес онлайн форматта «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат» жобасын талқылау республикалық вебинарын өткізді.

Вебинардың мақсаты: республикалық вебинарға қатысушыларды «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат» жобасымен таныстыру.

Вебинар жұмысына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің, Балаларды ерте дамыту институтының қызметкерлері, облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жетекшілік ететін мамандары, облыстық, қалалық және аудандық әдістемелік орталықтардың/ кабинеттердің әдіскерлері қатысты.

Онлайн форматтағы республикалық вебинарға Zoom қосымшасы арқылы 90 адам қосылды.

Вебинарда:

- 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру бойынша әдістемелік-нұсқау хат жобасы таныстырылды.

Вебинар жұмысын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институты директоры Ерманова Мария Наятовна алғы сөзбен ашып, 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы айтты.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балаларды ерте дамыту институтының мектепке дейінгі білім беру мазмұны департаментінің басшысы Гүлнар Омарбековна Мукушева 2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хат жобасымен таныстырды.

Вебинар соңында қатысушылар пікір алмасты, сұрақтарға жауап берілді.